

**Май ауданында 2017 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы**

Павлодар облысы Май аудандық әкімдігінің 2017 жылғы 12 мамырдағы № 93/5 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 8 маусымда № 5523 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңының 6-бабы 4-тармағы 8-1) тармақшасына сәйкес Май ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Май ауданында 2017 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің әлеуметтік сұрақтар бойынша орынбасары М.Қ. Құсайыноваға жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*А. Қаңтарбаев*

Май ауданы әкімдігінің  
2017 жылғы "12" мамырдағы  
№ 93/5 қаулысына  
қосымша

**Май ауданында 2017 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері**

**Ескерту. Қосымшаға орыс тілінде өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтіні өзгермейді - Павлодар облысы Май аудандық әкімдігінің 25.07.2017 № 139/7 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мекемелерінің атауы	Мектепке дейінгі тәрбиемен оқыту ұйымдарындағы	Б і р тәрбиеленушіге а й ы н а жұмсалатын шығындардың	Мектепке дейінгі ұйымдарда айына жан басына	Мектепке дейінгі ұйымдарда ата-ананың айына ақы
---	--	---	---	---

№ р/ с		тәрбиеленушілердің саны	орташа құны (теңге)	қаржыландыру мөлшері (теңге)	төлеу мөлшері (теңге)
1	2	3	4	5	6
1.	Май ауданы әкімдігінің, Көктүбек селолық округі әкімі аппаратының "Ақбота" бөбектер бақшасы" мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорны	7 0 (жергілікті бюджет)	38804	32175	1 жастан 3 жасқа дейін - 6400; 3 жастан 7 жасқа дейін - 6800
2.	Май ауданы әкімдігінің, Кеңтүбек селолық округі әкімі аппаратының "Қарлығаш" бөбектер бақшасы" мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорны	5 0 (жергілікті бюджет)	45244	38388	1 жастан 3 жасқа дейін - 6600; 3 жастан 7 жасқа дейін - 7000
3.	Май ауданы әкімдігінің, Қаратерек селолық округі әкімі аппаратының "Балбөбек" бөбектер бақшасы" мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорны	7 0 (жергілікті бюджет)	32932	26475	1 жастан 3 жасқа дейін - 6000; 3 жастан 7 жасқа дейін - 6800
4.	Май ауданы әкімдігінің, Көктүбек селолық округі әкімі аппаратының "Айгөлек" бөбектер бақшасы" мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорны	7 0 (жергілікті бюджет)	39191	32562	1жастан3жасқа дейін - 6400; 3 жастан 7 жасқа дейін - 6800
5.	Май ауданы әкімдігінің, Ақшимаң селолық округі әкімі аппаратының "Балауса" бөбектер бақшасы" мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорын	3 0 (жергілікті бюджет)	38304	31678	1 жастан 3 жасқа дейін - 6400; 3 жастан 7 жасқа дейін - 6800
6.	Май ауданы әкімдігінің "Балдәурен" балабақшасы" мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорны	4 5 (жергілікті бюджет)	56211	49411	3 жастан 7 жасқа дейін - 6800
7.	Май ауданы әкімдігінің, Саты селолық округі әкімі аппаратының "Әйгерім" бөбектер бақшасы" мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорны	2 0 (жергілікті бюджет)	64867	57742	1 жастан 3 жасқа дейін - 6800; 3 жастан 7 жасқа дейін - 7300
8.	Май ауданы әкімдігінің, Май селолық округі әкімі аппаратының "Балдырған" бөбектер бақшасы" мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорны	5 0 (жергілікті бюджет)	41218	34578	1 жастан 3 жасқа дейін - 6400; 3 жастан 7 жасқа дейін - 7000

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК